тармақтарына сәйкес көрсетілген медициналық көмек туралы ата-аналарды (заңды өкілдерді) кейіннен міндетті түрде хабардар ете отырып көрсетіледі.

## 4-тарау. Білім алушыларға медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының ең төмен штат нормативтері

16. Білім алушыларға медициналық көмек көрсетуді үйлестіретін дәрігерлердің ең төмен штат нормативтері МСАК ұйымы қызмет көрсететін 2000 білім алушыларға шаққандағы 1 штат бірлігі есебінен қалыптастырылады.

17. Мейіргерлердің ең төмен штат нормативтері 700 білім алушыларға 1 штат бірлігі есебінен, бірақ екі және үш ауысымды оқыту режимі бар орта білім беру ұйымдарында кемінде 2,0 штат бірлігі және білім алушылар саны 2800-ден асатын орта білім беру ұйымдарында 4,0 штат бірлігінен аспайтын есеппен қалыптастырылады.

18. МСАК ұйымының басшысы медициналық пункттің негізгі қызметкері уақытша болмағанда басқа медицина қызметкерімен алмастыруды қамтамасыз етеді.

## 5 тарау. Орта білім беру ұйымының медициналық пунктін ең аз жарақтандыру

19. Білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін медициналық бұйымдармен ең аз жарақтандыру осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес МСАК ұйымы жүзеге асырады.

20. МСАК ұйымы орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін дәрілік заттармен толықтыруды осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес қамтамасыз етеді.

21. Орта білім беру ұйымының медициналық пунктін жиһазбен, техникамен және кеңсе керек-жарақтарымен жарақтандыруды осы Стандартқа 3-қосымшаға сәйкес МСАК ұйымы жүзеге асырады.

## Білім алушыларға медициналық көмек көрсету үшін орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін медициналық бұйымдармен ұсынылатын ең аз жарақтандыру

| № | Атауы |
|---|---|
| 1 | 5 х 10 сантиметрлік бинттер, зарарсыздандырылмаған |

| | |
|---|---|
| 2 | 7 x 14 сантиметрлік бинттер, зарарсыздандырылмаған |
| 3 | Бактерицидті шам |
| 4 | Резеңке жылытқыш |
| 5 | Вакцина қалдықтарын жоюға арналған ыдыс |
| 6 | Медициналық жгут |
| 7 | Перифериялық веналық катетер |
| 8 | Бүйрек тәрізді науа |
| 9 | Бір рет қолданылатын маскалар |
| 11 | Инъекцияға арналған бір реттік сулықтар, спирттік |
| 12 | Зарарсыздандырылмаған қолғаптар |
| 13 | Нитрилді, зарарсыздандырылған қолғаптар |
| 14 | №10 жиынтықтағы бактерицидті пластыр |
| 15 | 3 x 500 сантиметрлік пластыр |
| 16 | Катетерді бекітетін пластыр |
| 17 | Бір рет қолданылатын жаймалар |
| 18 | Мұзға арналған шыны сауыт |
| 19 | Тоқыма емес материалдан жасалған стерильді 0,8 x 0,7 сантиметрлік сулықтар |
| 20 | Көлемі 40 x 70 сантиметрлік зарарсыздандырылған бір рет пайдаланылатын тоқыма матадан жасалған сулықтар |
| 21 | Сантиметрлік лента |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | Парацетамол 500 миллиграмм, таблетка №10 | |
| 7 | Преднизолон 30 миллиграмм, ампула №3 | |
| 8 | Сутегі асқын ерітіндісі 3% | |
| 9 | Хлоргексидин биглюконат ерітіндісі 0,05% | |
| 10 | Ауыз арқылы суландыру тұзы, ұнтақ | |
| 11 | Сальбутамол, ингаляцияға арналған аэрозоль | |
| 12 | Хлорпирамин 20 мг, ампула №5 | |
| 13 | Белсендірілген көмір, таблетка №10 | |
| 14 | Эпинефрин 0,18%, ампула №10 | |

ұйь
көм

## Білім беру ұйымының медициналық пунктін жиһазбен, техникамен және кеңсе керек-жарақтарымен жабдықтау

| № | Медициналық жабдықтар мен құрал-саймандардың атауы |
|---|---|
| 1 | Таразы |
| 2 | Кеңсе керек-жарақтары (журналдар, А4 форматындағы қағаз, желім, қаламдар, қарындаштар, тескіш, степлер, корректор, қайшы, папкалар) |
| 3 | Кушетка |
| 4 | Шыны қақпағы бар медициналық үстел |
| 5 | Дербес компьютер |